# БІЛІМ ШЫҢЫ-
## ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

№01 (87)
қаңтар, 2023

WWW.BILIMSHINI.KZ




*Расулов Жасұр Бақтиярұлы*
*физика пәні мұғалімі*



*Исаев Жанасыл Жангелдіұлы*
*математика пәні мұғалімі*

# ҚАРАТАУ ТӘЖІ – КЕНТАУДЫҢ ҚОС ПЕДАГОГЫ - 2022 ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ПЕДАГОГІ

# БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге!
«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!




## Сіздерден құнды материалдар күтеміз!

Журнал лицензиясы - №15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал+Сертификат+Грамота







Аттестацияға 100% жарамды

Толық ақпарат үшін:
8778 625 20 78
8775 076 78 76

# ЖАҢА ЖЫЛ БАСЫ БОЛСЫН ЖАҚСЫ ҮМІТТІҢ, ЖАРШЫСЫ БОЛСЫН ӘРКЕЗ ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ!



***ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,***
***бас редактор***

Қазақ Елі жаңа жылды жаңа серпінмен бастады. Президентіміз өз Жарлығымен бірнеше Министрді ауыстырды. Ел үшін бұл бір жақсылықтың белгісі сияқты көрінді. Жаңа басшылар жарқын болашағымыз үшін аянбай еңбек етіп, ізгі істерімен халықтың көңілінен шығады деп сенеміз. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 04 қаңтардағы № 86 Жарлығымен Ғани Бектайұлы Бейсембаев Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі лауазымына тағайындалды. 2023 жылғы 5 қаңтарда Ғани Бейсембаев «Мемлекет басшысының Жарлығымен Оқу-ағарту министрі болып тағайындалдым. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа жоғары сенімі үшін ризашы-лығымды білдіре отырып, білім саласының дамуы мен жас ұрпақтың болашағы және ел мүддесі үшін қызмет етуде бар күш-жігерімді жұмсауға дайын екенімді білдіремін. Кеше Мемлекет басшысы қабылдауында болып, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, ұлттық жобаларды тиімді әрі сапалы жүзеге асырудың маңыздылығына қатысты тапсырмалар алдым» деп атап өтті өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жаңа Министр Астанада Оқу-ағарту министрлігінің кеңейтілген алқа отырысын өткізді. Оған Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, Оқу-ағарту министрлігінің қызметкерлері, білім басқармаларының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары, мұғалімдер, сарапшылар және білім саласының басқа да қызметкерлері қатысты. Алдымен Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев баяндама жасады. Ол 2022 жылдың жұмыс қорытындыларына тоқталып, 2023 жылға арналған жоспарлар туралы айтты. Министр биыл білім беру ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, тәрбиешілердің мәртебесін арттыруға, апатты және үшауысымды мектептерді жоюға ерекше назар аударылатынын, орта білім беру стандарты мен үлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту, ағылшын тілін оқыту сағаттарын ұлғайту бойынша жұмыстар жалғастырылатынын атап өтті.Еліміздің барлық өңірінде 1-4 сынып оқушысының барлығын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі. 2022 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі қабылданды. Оқу бағдарламалары, жоспарлары және оқыту әдістері қайта қаралды. Білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау тәжірибесі енгізілді. Бүгінгі таңда 514 мектеп директоры мен 447 балабақша меңгерушісі ротацияланды. 2022 жылы мұғалімдердің жалақысы тағы 25 пайызға өсті. Сондай-ақ мұғалімдердің 63%-ы (216 989) аттестация қорытындысы бойынша қосымша ақы алады. Енді 30 жыл педагогикалық өтілі бар және зейнеткерлік жасқа жақындаған мұғалімдер тестілеуден босатылады. Мұғалімдерді тестілеудің шекті деңгейі де 50%-ға төмендетілді. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының жиілігі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартылды. Сонымен қатар министрлік 2022 жылы дарынды балаларды дамыту мен қолдауға ерекше көңіл бөлді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықаралық олимпиада жеңімпаздары тарихта алғаш рет ақшалай сыйлықтарға ие болды.

«2022 жылы 27 жеңімпаз және 26 мұғалім 73 млн теңгеден астам сыйақы алды. Сонымен қатар халықаралық зияткерлік, шығармашылық, спорттық олимпиадалардың 80 жеңімпазы мен жүлдегері алғаш рет жоғары оқу орындарында оқу үшін грантқа ие болды. 421 бала «Дарын», РФМШ, «Білім-Инновация» лицейлерінде оқуға мүмкіндік алды», - деді министр Ғани Бейсембаев. Сондай-ақ 2022 жылы 136 мың орындық 247 жаңа мектеп салынды. Алдағы уақытта оқушылар орнының тапшылығын жоюға мүмкіндік беретін «Жайлы мектеп» ауқымды жобасы жүзеге асырылады. Соңғы 10 жылда оқушылар саны 1 млн-ға өсіп, 3,7 млн-ға жетті. Бұл - өте жақсы көрсеткіш. Инфрақұрылым мәселесін шешу үшін 2023-2025 жылдар аралығында республикалық бюджеттен 842 мың оқушыға арналған 401 мектептің құрылысына 2,6 трлн. теңге бөлінді. Бұл керемет жоспарлардың бәрі еліміз үшін жаңа жылдағы жақсы жаңалықтар екені белгілі. Жаңа жылдан барша жұрт жақсылық күтеді. Жақсылыққа ұмтылудың өзі ізгі іс деп ойлаймын. Жаңа жыл ұстаздар қауымы үшін де керемет жыл болсын деп тілеймін. Жасампаз ойларымыз жүзеге аса берсін, ғалымдарымыз жақсы жаңалықтарды аша берсін, халықтың тұрмысы жақсарып, дәулеті таса берсін. Жаңа жыл дәулетті де сәулетті жыл болсын, әр шаңыраққа бақыттың құсы қонсын. Жаңа жыл басы болсын жақсы үміттің, жаршысы болсын әркез жақсылықтың!

# ҚАРАТАУ ТӘЖІ-КЕНТАУДЫҢ ҚОС ПЕДАГОГЫ - 2022 ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ПЕДАГОГІ



2022 жылы «Үздік педагог-2022» байқауы жаңаша форматта өтті. Бұрын конкурсқа қатысушы туралы шешімді мектеп директоры қабылдайтын. Яғни, мектеп кандидатты ұсынып, одан кейін білім беру бөлімдері деңгейінде іріктеу өтетін. «Үздік педагог-2022» байқауында әр педагог өз кандидатурасын ұсынуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ байқауға қатысқан ұстаздар өтінімдерінің қандай кезеңде тұрғанын, қанша балл алғанын қадағалау мүмкіндігіне ие болды. «Үздік педагог-2022» байқауында 64 мұғалім жеңімпаз атанып, әр ұстазға 3 млн. теңгенің сертификаты берілді. Салтанатты марапаттау рәсімінде сол кездегі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов мектептер мен колледждердің үздік мұғалімдеріне ақшалай сертификаттар мен төсбелгілерді табыс етті. Бұл байқауға 5,5 мың педагог өтінім бергенінің өзі үлкен жетістік деп ойлаймыз. Қаратау тәжі - Кентаудың қос педагогы республикалық 2022 жылдың үздік педагогі байқауының жеңімпаздары атанды. Біз Кентау мамандандырылған "Дарын" мектеп-интернатының математика пәнінің мұғалімі Исаев Жанасыл Жангелдіұлын және физика пәнінің мұғалімі Расулов Жасұр Бақтиярұлын үлкен жетістігімен шын жүректен құттықтап, журнал оқырмандары үшін сұхбат алуды жөн көрдік.

***- Сіздердің аяулы ұстаздарыңыз кім болды? Үлгі тұтқан ұстаздарыңыз туралы айтып өтсеңіздер. Жақсы ұстаздарыңыздың бойындағы жақсы қасиеттерінің қайсысы өзіңізге дарыды деп ойлайсыз?***

**ЖАНАСЫЛ ЖАНГЕЛДІҰЛЫ:** Әрине, ұстаз деген - ұлы тұлға. Жалпы алғанда өмірде әрбір тұлға бір-біріне ұстаз деп ойлаймын. Себебі, өмірде кездесетін сындар әртүрлі болғандықтан, әрбір істің маманына кезігетініміз рас. Сол тұлғалардан да көп тәжірибе алуға болады.Ол тіпті жасқа қарамайды. Ал, мектеп қабырғасынан тәлім-тәрбие берген ұстаздарымды айтып өтпеске болмас. Кентау қаласындағы №14 Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясын 1-сыныпта үздік бітіріп, әліппемен қоштасуда сынып жетекшіміз Ғалия апай Дәрпия әжеме: «Бұл бала мектепті Алтын медальмен бітіреді»,- деп айтқан екен. 1 жылдан соң отбасылық себептермен Бүргем елді мекеніндегі №19 Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебіне ауыстым. Бастауыш сынып мұғалімі Түрсын апайымыздың жылы қарсы алып, бауырына басуының арқасында мектепке тез үйреніп кеттім. Жоғарғы сыныптарда мектептің қызықты сәттері басталады. Осы кезде сынып жетекшіміз Баймаханова Фатима апайымның рөлі жоғары еді. Үлгі тұтқан ұстаздарымның бірегейі математика пәнінің оқытушысы Қожанов Хайрулла ағай. Сонымен қатар математика пәнінен қосымша сабақ берген Сейілбеков Болат ағайды үлгі тұтқан едім. Ол кісілердің еңбекқорлығы мені тәнті ететін.

**ЖАСҰР БАҚТИЯРҰЛЫ**: Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Ұстаз деген кім дегенде ойланбастан жастарымыздың болашағы жарқын болуын тілеуші ең алғашқы мейірімді жан дер едім. Менің де мектеп табалдырығын аттаған сәттен сүйікті ұстазым пайда болған. Ол бастауыш сынып мұғалімім Айша апай болатын. Осындай «Үздік педагог-2022» атану бірінші Алла, одан кейін осы апайдың арқасында болар. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп, ұлы Абай айтқандай, ұстаз тәрбиесі мен өнегесі - шәкірттің болашақ азығы. Мен 9-сыныпта оқып жүрген кезімде математика пәнінен Шахапов Маматамин ағай оқыта бастады. Осы ағайды нағыз өз пәнінің майталманы десем қателеспеймін. Үлгі тұтқан ұстаздарымның бірі осы ағай. Сонымен қатар, 2015 жылы «Мамандандырылған Кентау «Дарын» мектеп-интернатына» жұмысқа келген алғашқы күннен бастап әрбір ұстаздың өз пәніне деген сүйіспеншілігі, оқушыға деген қарым-қатынасы мені таңқалдырды. Бұл мектептегі ұстаздар өз пәнінің нағыз шеберлері. Жаңа келген ұстазға не керек деп ойлайсыз? Әрине қолдау. Дәл осы қолдауды мен осы мектептен алдым. Осы мектептің ұстаздарына, яғни әріптестеріме алғысым шексіз. Сол үшін де болар үлгі тұтқан ұстаздарым - ол менің әріптестерім.

***- Мектепте сүйіп оқыған пәніңіз? Және сол пән сіздің қазіргі мамандығыңызға қандай әсерін тигізді?***

**ЖАНАСЫЛ ЖАНГЕЛДІҰЛЫ:** Мектеп қабырғасында география, физика, математика пәндерін сүйіп оқыдым. Аталған 3 пәннен олипиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленген кездерім есімде. География пәнінің мұғалімі Егембердиева Ханипа апайымызға алғысымды айтамын, себебі география пәніне қызығушылығымды дамытқан сол ұстазым еді. Бұл пәндер жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер, ал мен жастайымнан техникаға жақын болып, көлік жүргізгенді ұнататын едім. Әрине, мектепте сүйіп оқыған пәндерім қазіргі мамандығымды таңдауыма тікелей әсер етті.

**ЖАСҰР БАҚТИЯРҰЛЫ**: Мектепте физика, математика және сызу пәндерін сүйіп оқыдым. 7-сыныптан бастап сызу үйірмесіне қатыстым. 11-сыныпты бітірген соң архитектор немесе физика пәні мұғалімі боламын деп шештім. Қазіргі таңда мұғалім болғаныма қуанамын. Себебі, мұғалім тек балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен қатар оларды тәрбиелейді. Мұғалім белгілі бір сыныпта оқушының оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы әрі ұстазы, ақылшы кеңесшісі болып саналады. Өздеріңізге белгілі, физикада есеп шығару барысында өте көп сызу сызылады. Ал маған сурет салу, сұлба сызу еш қиынға соқпайды.

дипломды қолға алып, бір күдік пен бір үмітті арқалап өтінішімді толтырып, осы мектепке жұмысқа тұрдым. Менің ұстаздық жолға алғашқы қадамым басталды. Физика пәнінің мұғалімі болып басталған білім жолында талай қызықтар мен қиындықтар өтіп жатыр. Мысалы, ұстаздық жолдың табалдырығын аттаған кезде, күнде айнаға қарап, костюм мен шалбарды киіп, сабаққа дайындалатынмын. Айнаға қарайсың да кемшіліктеріңді түзетесің, жетістіктеріңе қуанасың. Ұстаздық - ұлы жол. Осы ұлы жолда барлық ұстаздарды аянбай еңбек етуге шақырамын. Ұстаздық мәртебе барлық мәртебелерден биік әрі жоғары тұру керек деп ойлаймын. Ұстаздық жолға түскен адам шәкірт жүрегіне білім отын жағамын деп келу керек.







***- Алғашқы ұстаздық жылдарыңыз қиын болды ма?***

***Ұстаздық жолындағы қиын және қызықты оқиғалар туралы айтып берсеңіз.***

**ЖАНАСЫЛ ЖАНГЕЛДІҰЛЫ:** Алғашқы ұстаздық жылдарым қызық болды деп айта аламын. Себебі, ЖОО-ның соңғы курсында педагогикалық практикадан өту үшін Кентау қаласындағы «Дарын» мектеп-интернатын таңдаған болатынмын. Педагогикалық практика кезінде мектептің білікті мамандарынан үйренгенім көп. Педагогикалық практиканы бітірген соң «Дарын» мектеп-интернатына жұмысқа шақырту алып, 2015жылы қыркүйектен бастап жұмысқа кірісіп кеттім. Жаңадан сынып алған кездері әрбір есепті түсінбеген оқушымен кешке дейін сабақтан тыс уақытта оқытып отыру әдетке айналды. Сынып жетекшісі Шеренова Асем Калмаханбетованың сыныбына сабақтан соң әдеттегідей оқушылармен жұмыс жасап отырған едім.Тарих пәніне қатты қызығатын, талай пәндік олимпиадалардың жеңімпазы Әбубәкір Мирас атты оқушы есімнен еш кетпейді. Сабақ үстінде сыртқа сұранды. Сағат 18:00 шамасы. Күтіп отырмын, күтіп отырмын... 30 минуттан соң өзім соңынан ерлер жуыну бөлмесіне бардым. Барсам, Мирас тарих пәнінің кітабын оқып тұр екен. Сол кезде Мирастан тарихқа деген махаббатты байқадым.

**ЖАСҰР БАҚТИЯРҰЛЫ**: Оқуды тәмәмдап,

***- Қазақстан мектептерінде қазіргі таңда 366 000-нан аса педагог қызмет етеді екен. 2022 жылдың қортындысы бойынша еліміздегі соншама ұстаздардың ішінде 64 Үздік педагогтың қатарындасыздар. Осындай үлкен жетістікке жетудің алгоритмі қандай? «Үздік педагог» құрметіне жету үшін не істеу керек? Ұстаздың бойында қандай қасиеттер болуы тиіс?***

**ЖАНАСЫЛ ЖАНГЕЛДІҰЛЫ:** Мұндай жетістікке жетудің алгоритмін айтар болсақ, биылғы сайыстың І-ші кезеңі онлайн (цифрландырылған) форматта өтті. Бұл кезеңде ұстаздың және шәкірттерінің еңбектерінің толық мәліметі дәлелді түрде сұралды. Тек пән мұғалімі ғана емес, тәрбие процесі бойынша да жасалған сабақтан тыс жұмыстарды, тіпті қамқорлық қоры бойынша жасалынған іс-шараларды көрсету талап етілді. Сайыстың республикалық ІІ-кезеңіне облыстан 5 ұстаз қатыстық. ІІ-кезеңге өткен ұстаздарға Астана қаласындағы мектептерге барып десант сабақ көрсету міндеттелді. Әрине, бұл сын да өз кезегінде оңай емес-ті. «Үздік педагог» құрметіне жету үшін берілген талаптарға сай жұмыс жасау керек. Ал, ұстаздың бойында әділдік, еңбекқорлық, қарапайымдылық болуы керек деп ойлаймын.

**ЖАСҰР БАҚТИЯРҰЛЫ:** Танымал адамдардың жетістіктерін сараптайтын зерттеушілер қызметтің көптеген саласында ең елеулі жаңалықтар жас кезде

жасалғанын байқаған. Эйнштейн ең басты еңбектерін 26 жасында жариялаған, ал Моцарт алғашқы симфониясын небәрі 8 жасында жазған. Менің ойымша, жетістік адамға екі жолмен келеді: сәттілік және еңбек. Сондықтан, «Үздік педагог» құрметіне жету үшін ерінбей еңбек ету керек деп ойлаймын. Менің ойымша, ұстазға тән ең бірінші қасиет ол – баланы құрметтеу. Оның адамшылық ар-намысын, тұлғасын, жасы кіші екеніне қарамай үлкен адамдарша сыйлау, құрмет тұту деп топшылаймын. Ал бұл қасиеттер ұстаздың терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен келіп шығады.

***- Сабақты үйрету үшін ең тиімді қандай әдіс-тәсілдерді айтар едіңіз? Сондай-ақ, сабаққа жаңа идеяларды қайдан аласыз? Өзіңіздің сабақ өтудегі ерекшелігіңіз қандай?***

**ЖАНАСЫЛ ЖАНГЕЛДІҰЛЫ:** Сабақты қалай өту керектігін Кентау «Дарын» мектеп-интернатының білікті басшыларынан, мұғалімдерінен үйреніп келемін. Ал, дәлірек айтар болсам, математика пәнінің мұғалімі Нарбекова Гүлжазира Мырзанқызының оқушыларға сапалы білім беру жолындағы әдісін жалғастыруға тырысудамын. Сабаққа жаңа идеяларды бір порталдан немесе бір ақпарат көзінен аламын деп айта алмаймын, түрлі тақырыпқа түрлі әдіс таңдалады. Ең басты мақсат - оқушының тақырыпты меңгеруі. Сабақ өтудегі ерекшелігім аса жаңалықтарға ие деп айта алмаймын. Ең басты ережем: үйреткенімді үнемі тексеріп, сұрап отыру.

**ЖАСҰР БАҚТИЯРҰЛЫ**: Қазіргі уақытта білім жүйесінде түрлі ақпараттық-коммуникативтік технологиялар қолданылып келеді. Мысалы, жақында Оқу-ағарту министрлігінің тарапынан «Тик Токта» мұғалімдерге арнап сайыс ұйымдастырылды. Оның барлығы бекер емес қой, қазіргі мұғалім жан-жақты білімді, цифрлі мұғалім болуы шарт. Қазіргі таңда, әлеуметтік желі арқылы өз білгендерін ортаға салып, жаңа білім беру әдістерімен бөлісіп жүрген ұстаздарымыз аз емес. Сол себепті, мен де осындай ұстаз болуға бар күш-жігерімді саламын. Қазіргі таңда, жеке "youtube" каналым бар. Физика курсы бойынша 7-8 сыныптардың барлық сабақтары қамтылған. Алдағы уақытта, 9-11 сыныптың сабақтарын түсіру ниетім бар. Сонымен қатар, физика курсы бойынша платформа жасауды жоспарлап жүрмін, оның оқушыларға пайдалы боларына сенемін.

***- Қазіргі біздің қоғамдағы педагогтың рөлі қандай болуы керек? Өзіңізді «қатал» мұғалім немесе «жұмсақ» мұғалім ретінде сипаттай аласыз ба?***

**ЖАНАСЫЛ ЖАНГЕЛДІҰЛЫ:** Алдымыздағы оқушы жас шыбық секілді ғой. Баланы қалай оқытсақ, жас шыбық солай өспек. Қазіргі біздің қоғамдағы педагогтың рөлі бұрынғыдан да жоғары назарға ие деп ойлаймын. Өзімді қатал немесе жұмсақ мұғалім ретінде нақты айта алмаймын. Алайда, жұмыс барысында екі ұғымның да орын алуы керек деп ойлаймын. Исі мұсылман халықтың ұрпағы болғандықтан «көркем мінез» иесі болғанымыз да абзал.

**ЖАСҰР БАҚТИЯРҰЛЫ**: Бүгінгі қоғамдағы мұғалім шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Қазіргі ақпарат көздері мен техниканың дамыған заманында оқушыға берілетін білім де сол техникалармен байланысты болуы керек деген ойдамын. Менің ойымша қаталдықпен білім беру дұрыс емес. «Жылы сөйлесең жылан інінен шығады» деген сөз бар. Сондықтан да болар, өзімді «жұмсақ» мұғалім қатарына жатқызамын.

***- Шоқтығы биік қандай жеңістеріңізді баяндап бере аласыз, яғни, өзіңіздің және шәкірттеріңіздің тың жетістіктерімен бөліссеңіз.***

2018-2019 оқу жылында Қазақстан математика қауымдастығы ассоциациясының ұйымдастыруымен өткен математика пән мұғалімдерінің олимпиадасында 4-орынға ие болдым. 2019-2020 оқу жылында Ө.Жолдасбеков атындағы халықаралық ғылыми жобалар сайысында шәкіртім Үсен Ерәлі 1-орынға, 2020-2021 оқу жылында Ө.Жолдасбеков атындағы халықаралық ғылыми жобалар сайысында шәкіртім Әлібеков Ақылбек 2-орынға, 2021-2022 оқу жылында Ө.Жолдасбеков атындағы халықаралық ғылыми жобалар сайысында шәкіртім Есеналиев Мұхтар 2-орынға, 2019-2020 оқу жылында Ғылыми жобалар сайысының облыстық кезеңінде шәкірттерім Маннапова Фотима, Әлібай Жомартәлі 2-орынға, 2020-2021 оқу жылында Ғылыми жобалар сайысының облыстық кезеңінде шәкіртім Әлібеков Ақылбек 2-орынға, 2021-2022 оқу жылында Ғылыми жобалар сайысының облыстық кезеңінде шәкіртім Есеналиев Мұхтар 2-орынға, шәкіртім Амангелді Ақниет 3-орынға, 2022-2023 оқу жылында Ғылыми жобалар сайысының облыстық кезеңінде бір оқушым 2-орынға, бір оқушым 3-орынға ие болды. 2022-2023 оқу жылында «2022 жылдың үздік педагогы» атағының иегері болып танылдым. Журналдарыңыздағы маңызды ақпараттарды 7 жылдан бері пайдаланып келемін. Өсіп, дами берулеріңізге тілектеспін. Көп рақмет!

**ЖАСҰР БАҚТИЯРҰЛЫ**: Шәкіртім Сейсеков Алинурды 7-сыныптан бастап олимпиадаға дайындаймын. Ол осы күнге дейін бірнеше олимпиаданың жеңімпазы атанды. Олардың қатарында облыстық, республикалық деңгейлер де бар. Қазір Алинур 11-сынып оқушысы. Соңғы алған марапатымыз 2022 жылы ҚБО (Қазақстан білім олимпиадасы) ІІ-орынды иеленді. Алдағы республикалық, халықаралық олимпиадаға дайындалу үстіндеміз. Ал өзім 2021 жылы VIII Халықаралық олимпиададан жеңіспен оралдым.

***- Журналымыздың қонағы болып, сұхбат бергендеріңіз үшін үлкен алғысымызды білдіреміз.***

***Әр қашан білімнің биік тұғырында болыңыздар!***

***ӘЛІМОВ Асхат,***
***«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ***
***Педагогикалық шеберлік орталығы Алматы қалалық филиалының***
***аға менеджері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.***



# СІЗ ҚАНДАЙ МҰҒАЛІМСІЗ?

## Жақсы мұғалімдердің екі ерекшелігі

Ыбырайдың «Мұғалім – мектептің алтын жүрегі. Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақ» деген сөздері баршамызға аян. Бұған қоса, «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген аталы сөздерді де жиі қайталаймыз да, мойындаймыз да. Бұған қоса 2009 жылы ағылшын зерттеушілері Майкл Барбер мен Мона Муршед ауқымды зерттеу жасап, Ыбырайдың сөздерін тағы да дәлелдеп берді. Олар білім беру жүйесінің мынандай заңдылығын айқындады: «Мектептің деңгейі онда жұмыс жасайтын мұғалімдердің деңгейінен жоғары болмайды». Дәл осылай! Қай жақтан алмасаңыз да, білім сапасы мұғалімнің деңгейіне барып тіреледі: тек жақсы мұғалім ғана білімді шәкірттерді даярлай алады! Білім беруде бәрі де мұғалімнің шеберлігіне байланысты!

Ғылыми журналист және білім беру саласындағы зерттеуші Ульрих Бозер (Ulrich Boser) «Үйренуге қалай үйренуге болады» атты кітабында (кітаптың орысша нұсқасы мынау: Бозер У. Как научиться учиться. – М.: Альпина Паблишер, 2021. – 368 с.) үйренуде (оқуда) тәлімгерліктің аса маңыздылығы туралы сөз қозғайды. «Дағдылар мен білім игеру үшін бізге жетекшілік пен қолдау қажет. Оқытушылар, жаттықтырушылар, нұсқаушы-инструкторлар зор рөл ойнайды» деп жазады ол кітабында (76 б.).

Сонымен бірге У.Бозер мынандай мәселені де көтереді: «Бір қызығы осы уақытқа дейін мұғалімдердің оқытудағы рөлі мен олардың нақты түрде оқушылардың үйренуіне қалайша көмектесетіндігін жүйелі түрде ешкім де зерттемеген». Әрине, сонау Сократтың кезінен бастап (2500 жыл бұрын), адамзат «Қалай үйрету керек?» (әдістеме мәселесі) деген сұраққа жауап табуға ұмтылған-ды. Алайда бір де бір терең зерттеуші аса мықты және ортанқолды мұғалімдердің айырмашылығын нақты дәлелдермен келтіре алмаған, деп есептейді У.Бозер.

Шындығында да, жақсы ұстаздардың жағымды қасиеттері қандай? Олардың өзге мұғалімдерден айырмашылықтары қандай? Бұл сұрақтарға берген жауаптарымыз нақты болмай, жалпылама түрде келтіріле ме деп ойлаймын, өйткені бізде де бұл мәселе жан-жақты қарастырылмаған секілді.

У.Бозер өз кітабында бұл мәселенің осыдан біршама жыл бұрын Microsoft фирмасының негізін салған Билл Гейтстің назарына ілінгенін жазады. Билл Гейтс мұғалімдердің шеберлігі туралы жазылған бір ғылыми мақаланы оқи отырып, оның парақтарын өз ойлары жазылған жазбалармен шимайлап тастаған екен. Гейтс білім беру жүйесінің ең басты сұрағына («Жақсы және ортанқолды мұғалімдердің айырмашылығы қандай?») әлі күнге дейін тіпті ең соңғы, заманауи зерттеу әдістерінің көмегімен де жауап табылмағандығына қайран қалыпты. У.Бозер оның «Мен бұл тақырыптың қаншалықты аз мөлшерде зерттелгеніне таң қалдым» деген сөздерін келтіреді.

Осы мәселені анықтау үшін Әлемнің сол кездегі ең бай адамы 40 млн. доллар бөледі. Бұл зерттеуге ондаған ғалымдар, жүздеген мектептер, мыңдаған мұғалімдер мен 100 000 - ға жуық оқушылар қатысады. «Оқытудың тиімділігін зерттеу» деп аталған бұл зерттеу екі жылға созылады.

Бұл зерттеуге қатысқан Гарвард университетінің ғалымы Рон Фергюсон оқушылардың оқудағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуді ынталандыратын оқытудың екі ерекшеліктерін атаған. Олардың біріншісін ғалым «Академиялық қысым» деп атаған: бұл – мұғалімнің өз оқушыларын тынбай еңбектенуге, оқу материалын белсенді түрде игеруге бағыттаған ұмтылысы. Демек, жақсы мұғалімдер ең алдымен талапшыл болып, оқушылардың алдына биік мақсаттар қойып, соларға жету жолында аянбай тер төгуге дағдыландырады екен. Олар оқушыларына жеңіл-желпі тапсырмалар ұсынбайды, олардың сабақта берген тапсырмалары күрделі болып, оқушыларды қиын жұмыс жасауға шақырады. Жақсы мұғалімдер өздері ұсынған тапсырмалардың орындалуын қатаң қадағалап, барлық оқушылардың белсенді әрекеттерге араласуын қамтамасыз етеді екен.

Екінші факторды ғалым «Академиялық қолдау» деп атаған. Бұл жәйт оқушылардың мұғалім тұрғысынан өздерін қаншалықты ынталандыратындығын сезінетіндігін көрсетеді. Мұндағы мәселе оқушылар мен мұғалімдердің арасындағы жеке қарым-

қатынастың сапасында: оқушылардың бұл қарым-қатынасты қалай түсініп, қабылдайтындығында. Демек, жақсы мұғалім әр оқушымен жағымды қарым-қатынас орнатып, оларға керек болған кезде көмек көрсетіп, қажетті түрде қолдау көрсетеді екен. Осы арқылы барлық оқушылар мұғалімнің қамқорлығында болатындығын және де кез келген уақытта одан жәрдем алатындығына сенімді болып, оларда «Жалғыз қалып қаламын!», «Артта қаламын!» немесе «Тапсырманы орындай алмаймын!» деген қобалжу мен қорқыныштар болмайды.

Сонымен «Оқытудың тиімділігін зерттеу» жобасы жақсы мұғалімдердің оқушыларды белсенді оқуға итермелейтіндігін, олардан тынбай еңбектену мен оқу материалдарының маңыздылығын түсінуді талап ететіндігін анықтаған. «Олар өз оқушыларын «үйрену - ойлау әрекеті» деп қабылдауды мәжбүрлейді, - деп жазады У.Бозер. – Сонымен бірге тамаша педагогтер оқушылардың ынтасын арттырып, оларға қолдау көрсетеді, шәкірттеріне оқудан мағына табуға көмектесіп, оларға өздігімен әрекеттеніп, өз әрекеттерінің маңыздылығын сезіну мүмкіндігін береді».

«Әрине, бұл тұжырымдарды жаңалық деп айтуға болмас», - деп жазады әрі қарай У.Бозер (78 б.). Өйткені бұл зерттеуге дейін Нобель сыйлығының физикадан 2001 жылғы лауреаты Карл Виман мұғалімдерді «танымдық жаттықтырушы» («когнитивтік тренер») деп қабылдау керектігі туралы жазған. «Мұғалімді жай ғана ақпаратпен бөлісуші адам деп түсінбеген жөн»,- деп есептейді К.Виман. Әрине, бұл ойдың жаңсақ ұғым екендігі анық.

К.Виман мұғалімдер спорт түрлерінің жаттықтырушыларына ұқсас болуы керек деп есептейді, яғни олар оқушыларға «пәнді меңгеруде қажетті ойлау процесін негізгі құрамдас бөліктерге жіктеп, осыдан кейін олардан белсенді түрде ойлану жұмысына қатысуды талап етеді». Бұған қоса, мұғалім оқушыларды бұл ауыр жұмысты орындауға мейлінше ынталандыруы керек.

Мұғалімнің осындай қызықтыруы мен эмоционалдық қолдау көрсетуі әр оқушыға қажет-ақ. Өйткені «бізге жанкүйерлер керек», дейді К.Виман. Шындығында да жанашырлар болмаса, біздің ынтамыз да төмендеп, жұмыс жасау қарқынымыздың да баяу болуы ғажап емес. Пандемия кезінде стадиондарға көрермендердің келуіне тыйым салынып, футбол ойындарының сапасы күрт төмендеді емес пе?

Ал егерде сыныптағы әр оқушы «Біздің мұғалім - менің басты жанкүйерім! Ол менің биік-биік жетістіктерге жетуіме мүдделі! Оған қоса ол әр уақытта мені қолдауға да, маған көмектесуге де дайын!» деген ойда болса, онда олардың оқуға деген, сабақта қарастыратын материалдарды игеру үшін атқарылатын ауыр жұмысқа деген ынтасы ылғи да жоғары деңгейде болатындығы анық. Бұған қоса оқушылар өркендеу үшін тәлімгердің қажет екендігін де жіті түсінеді: біз тек біреудің көмегімен ғана үйренеміз, үйрену мен оқуда бізді қолдайтын, біздің дамуымызды қуаттайтын адамдар керек.

«Оқытудың тиімділігін зерттеу» жобасы тағы да мынандай мәселені айқындаған: оқушылар жақсы мұғалімнің қандай болу керектігін өздері де жақсы біледі екен. Әр мұғалімнің болашақта табысқа жететіндігін не жетпейтіндігін оқушылар арасында сұрастыру жүргізу арқылы айқындауға болады екен, деп есептейді Рон Фергюсон. Басқаша сөзбен айтқанда, егерде сіз жақсы мұғалімді тапқыңыз келсе, оның дипломына не еңбек өтіліне қарамаңыз. Оданша бұл мұғалімнің қалайша жұмыс жасайтындығын оның оқушыларынан сұраңыз. «Ол оқушыларына күрделі мәселелерді шешуді ұсына ма? Ол жақсы түсіндіре ала ма? Оның сабақтарында көп нәрсені білуге бола ма? Ол оқушыларға қандай қолдау көрсетеді? Оқушылардың білімі терең болуына мұғалім мүдделі ме? Ол өз пәнінің маңызын оқушыларына жеткізе ала ма? Оқуында қиындық туындаған оқушыларға қалайша көмектеседі?» деп жазады У.Бозер.

Демек, әр мұғалім оқушыларынан не жасау керектігін сұрауы қажет шығар? Өзінің қалай сабақ өткізетіндігін және өткізу керектігін, сабақтарына қандай өзгерістер енгізу керектігін. Сол баяғы бәрімізге де аян «оқушы үнін» ескеру ғой. Мәселе бұл әрекетті қаншалықты тұрақты және шынайы түрде қолданатындығымызда.

«Тұрақты» дегеніміз үзбей, әр сабақта оқушылармен ақылдасып, оларды сабақ жүргізуге (өткізуге) қатыстырып, олардың сабақты жоспарлау туралы пікірлерін сұрау арқылы.

Әр тапсырма мен сабақтың соңында рефлексия жүргізу арқылы: «Тапсырманы қалай орындадық? Тапсырманы орындау не берді? Қалай орындадық? Не үйрендік? Не білдік? Сабақ мақсатына жеттік пе? Оның дәлелі қандай? Табысты жерлеріміз қандай болды? Қай жерде қиналдық? Енді не істеу керек? Әрекеттерімізді қалай жақсарту керек? Олардың не беруі мүмкін? Қандай қорытынды жасаймыз?» деген секілді 2-3 сұрақты алдымен жұпта не топта 1-2 минут, ал содан кейін қайтадан 1-3 минут сыныппен талқылау арқылы.

Сабақтан кейін де 1-2 оқушыны 3-4 минутқа алып қалып, олармен сабақты талдап, оны қалайша жақсартуға болатындығын талқылау арқылы.

«Шынайы» дегеніміз оқушылардың пікірін өз тәжірибемізді жақсарту үшін білу. Сондықтан да олардың әр пікіріне құлақ салып, оларды сабақтарға өзгерістер енгізу үшін қолдану.

Сонымен, ғалымдардың пайымдауы бойынша, жақсы ұстаздардың өзге мұғалімдерден айырмашылығы мынандай екен:

1. Жақсы мұғалімдер оқушыларға биік талап қойып, өз айтқандарын орындатуда қаталдық көрсетеді, тапсырмаларды орындау мақсатында оқушыларын белсенді әрекеттерге ынталандырады.

2. Жақсы мұғалімдер әр оқушымен жағымды қарым-қатынас құрып, барлық оқушыны назарында ұстап, оның жанкүйеріне айналып, әр кезде қолдап, одан өзінің көмегін аямайды, дер кезінде сындарлы кері байланыс беру арқылы оның оқуын жақсартуға ұмтылады.

***Асхат Әлімовтың парақшасынан***



# ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІГІ



***НУРЖАУТОВ Сакен Даутбекович,***
***Педагогикалық Шеберлік орталығының***
***Шымкент қалалық филиалының менеджері.***

***САПАРБАЕВА Замира Абдикадировна,***
***Педагогикалық Шеберлік орталығының***
***Шымкент қалалық филиалының менеджері.***

**Тыңдалым дағдысы:** бала сәби кезінен-ақ анасының әлдиін тыңдап өседі. «Сөздердің мәнін түсінбесе де интонациясына қарай жақындарының көңіл-күйін ажыратады» - деген пікірде зерттеуші ғалымдар. Тыңдалым арқылы баланың ана тілін меңгеру процесі басталады. Тіл арқылы ұлттық болмыс, таным мен түсініктер, өсе келе көзқарастар мен құндылықтар қалыптаса бастайды. Тыңдалым ағдысын не үшін және қалай дамыту керек? Қазіргі таңда "X", "Y", "Z" ұрпақ өкілдерімен қатар "Альфа" ұрпақ өкілдерінің қатары көбейіп келеді. Ол типтегі балаларға бір орында отырып ұзақ уақыт зейін шоғырландырып отыру қиынға соғуы мүмкін. Бұл балалар әріп танымайды, бірақ "YouTube" каналынан өзіне қажетті видеоны тауып көре алатын қабілеттері бар. Ақпараттық заманда сырттан істелетін артық ақпарат көп. Алайда, қазіргі бүлдіршіндер бір уақытта бірнеше іспен айналыса алады. Міне, осындай оқушыларға жас ерекшеліктерін ескеріп, қызығу-шылығына қарай тыңдалым материалын іріктеп беру - табыстылық кепілі. Тыңдалымның ішкі дағдылары бар. Мысалы, мазмұнын түсіну үшін тыңдау, детальді түрде тыңдау т.б. Осы ішкі дағдыларына қатысты үлгілік оқу бағдарламасында оқу мақсаттары ұсынылады. Мақсаттардың мазмұнын түсіну, не талап етіп отырғанын пайымдау үшін мұғалімнің шеберлігі мен кәсіби құзіреттілігі жоғары болуы қажет. Болашақта көлемді ақпараттармен жұмыс жасап, қажетті ақпаратты таба алатын баланы тәрбиелеу үшін функционалды сауаттылықты дамыту маңызды.

**Айтылым дағдысы:** бала кішкентай күнінен естіп өскен «ата», «ана» секілді сөздерді тілін сындырып айта бастайды. Тілі шығып, алғашқы сөйлей бастағанынан бастап балаларда белсенді айтылым үдерісі жүзеге асады. Балаларда бұл кезде сұрақ көп болады, айналадағының бәрін білгісі келеді. Дені ашық сұрақтар қояды бір қызығы. Жер не үшін домалақ? Құстар қалай ұшады? Суда балықтар неге тұншығып қалмайды? т.б. сұрақтар қояды. Бұл заңдылық, себебі бала даму үстінде. Миы ұлғайды, ақыл-есі кіре бастады. Осы кезде ата-ана, балабақша тәрбиешісі, мұғалімдер баланың сұрақтарына жауап беріп қана қоймай, ал сен қалай ойлайсың? Сеніңше мұны қалай жасаған дұрыс?- деп диалогке тарту, айтылым дағдысын дамытуға оң әсер етеді. Орта буында балалардың біршамасы қысыла бастайды, ұяндық пайда болады. Өзіне деген сенім төмендеп, комплекстер анықталады. Оның сыры жауабы берілмеген сұрақтар мен ата-анасының «Қойшы, әр нәрсені сұрай бермей» - деген тыйымдары болуы әбден мүмкін. Оған кері әсер ететін факторлар көп. Ол психология. Ол бөлек тақырып. Орайы келгенде кеңірек тоқталармыз. Айтылым - продуктивті дағдылар қатарына жатады. Мұнда ақпаратты қабылдап, тілді үйренуге қарағанда, тілді қолдану, сол тілде сөйлеу көбірек орын алады. Диалогтер, дебаттар, рөлдік ойындар мен пікірталастар айтылым дағдысын дамытуға оң ықпал етеді.

**Оқылым дағдысы:** бұл дағды рецептивті дағдылар қатарынан, ол дегеніңіз, ақпаратты қабылдауға, түсінуге, сол арқылы меңгеруге бағытталған. Оқылым - сөздік қорды молайтады, сөздердің дұрыс жазылуын есте сақтауға көмектеседі, айтылым мен жазылымды жетілдіреді. Ішкі дағдылары: түсіну үшін оқу, болжай білу, мәтін түрлерін ажырату т.б. Осы аталған дағдылар бойынша оқылымның мынадай стратегияларын қолдануға болады. Бастауыш сыныптарда буынмен оқу, тұтас сөздерді оқуға үйретсек, орта буында түртіп оқу, шолып оқу, нақты ақпаратты тауып оқу секілді тиімді тәсілдер бар. Оқылым дағдысын дамыту арқылы балалардың оқу сауаттылығын қалыптастыру керек. Себебі ақпарат легі көп, шын ақпарат бар, жалған «фейк» есебіндегі ақпараттар бар, осы ақпараттарға анализ жасап, қайсы ақпарат қажет, қайсы ақпарат өзекті екендігін ажырата алатын бала тәрбиелеу аса маңызды.

**Жазылым дағдысы:** Жазылым адам баласы өзі меңгерген немесе білетін ақпаратты сыртқа

шығаруға, келесі бір адамдармен қарым-қатынасқа түсуге, қашықтан ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін дағдылардың бірі. Ішкі дағдыларына келсек, орфографиялық қателіктерсіз жазу, әріптерді дұрыс және қатесіз жазу, пунктуацияны дұрыс қолдану, сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу т.б. Бұл дағдылар оқылым дағдысы мен тыңдалым дағдысы жақсы дамыған балаларда тез қалыптасады. Кітапты көп оқу арқылы, сөздердің дыбысталуын есту арқылы балалар әр сөзінің қалай жазылатынын есте сақтап қалады. Жазылым - бұл шығармашылық жұмыс. Жазылым тапсырмалары сапалы орындалуы үшін, тапсырма шарты мен критреийлері нақты болуы шарт. Егер, мақала жазу керек болса, мақала талаптарын түсініп алғаны жөн. Ол әдеби тілде, көпшілікке арналып жазылатыны, қатесіз жазылатыны, ой салу немесе оқырман назарын аудару мақсатын көздей ме, сөз саны қанша болуы керек деген маңызды тұстарын анықтап алып, тапсырмаға қажетті уақыт пен ресурстарды ұсынған жөн. Жазылым дағдысын дамыту мүмкіндігін оқылым арқылы арттыруға болады. Жазылым тапсырмаларын жеңілден күрделіге принципімен бере отырып, кезең-кезеңімен жас ерекшеліне қарай тапсырмаларды күрделендіріп отыру ұтымды болмақ.

ӘТН немесе Тілдік бағдар. Бұл тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының теориясы. Бұл теорияны күнделікті, жүйелі түрде 4 тілдік дағдымен үндестіре отырып меңгерткен жөн. Мәтіндерді сөз, сөйлем, абзац деңгейінде талдау түсінуге мол мүмкіндік береді. Әдеби шығармадағы сюжет пен композицияны, қолданылған тілдік һәм көркемдеуіш құралдарды талдау, автор идеясы мен көзқарасын анықтай отырып, шығарманың құндылығына баға беру теорияны оқушылар жақсы меңгеруіне оң ықпал етеді.

Осы аталған тілдік дағдыларды нақты ғылымдар математика және жаратылыстану пәні мұғалімдері не үшін дамытуы қажет? Әрине әр пәнде мәтіндік не графикалық мәліметтер мен ақпараттар бар. Есептің шартын түсіну үшін де оқылым дағдысы қажет. Есепті шығару жазылым, жолын түсіндіру айтылым дағдысын дамытуға оң әсер етеді. Физика немесе география пәнінде формулалар мен карталар ұсынылады. Балалар сол ақпараттан керегін алып, қажетті ақпараттарды жинақтайды. Ең маңыздысы мұғалімдер «Блім» таксономиясын ұмыт қалдырмауы қажет. Кез келген тілдік дағды ойлану процесі арқылы дамиды. Ал, ойлау дағдыларының бірнеше деңгейлері бар екендігі баршаға мәлім. Бала бірінші ақпаратты естігінде я оқығанда біледі, кейінірек не екенін өзі немесе мұғалім көмегімен түсінеді, білімін қолданады, талдау жасап, ақпарат жинақтайды, өзіндік көзқарасын білдіріп, бағасын береді. Тек тілдік пәндер 4 дағдыны дамытуы керек, қазақ орыс немесе ағылшын тілі мұғалімдері ғана тілдік дағдылармен айналысуы қажет деп есептеу тиімсіз. Ия, сауатты жазу бастауыш сынып мұғалімі, орта буындағы тілдік пәндер мұғалімдерінің басты мақсаттары болуы керек екені түсінікті. Бірақ, барлық пән мұғалімдері бір жұдырықтай жұмылып, кіріктірілген оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын меңгерту арқылы сауатты, ойын ашық айта алатын, қажетті ақпаратты тез тауып, ойын жазбаша еркін білдіретін ұрпақты, өзіне сенімді көшбасшыларды дайындай аламыз.



# БІЛІМДІ ҰЛТ - ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ

***НҰРАЛЫҚЫЗЫ Әсем,***
***С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернатының информатика пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы***

Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандырып, жас ұрпақтың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, іскерлік қасиеттерін дамыту ұстаздардың басты міндеті болып табылады. Логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдаудың, оқушылар бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңірудің маңызы зор.

Кәсіби оқытуда мұғалімдер мамандандырылған интернет платформаларын қолданады. Оларға «Bilimland», «Дарын Онлайн», «Күнделік», «Универ» сияқты интернет платформалар жатады, сондай-ақ оқушыларға арнайы платформалар ұйымдастырылған. Әр сабағымда психологиялық ахуал туғызу үшін мен оқушылардың көңіл күйлерін көтеріп, пәнге деген қызығушылығын арттыруға ұмтыламын. Жақсы көңіл-күй адамның табысты жұмыс жасауына оң әсерін тигізеді.

Жағымды, көтеріңкі көңіл-күймен оқушылар сабақ барысында ынтымақтастықта жұмыс жасай отырып, тапсырмаларды белсенділікпен орындап, бір-бірімен пікір алмасады. Топпен жұмыс жасағанда сабақты түрлендіріп, топты күнделікті сабақта алмастырып, сабақта екі рет топпен жұмыс болуын, оқушылардың түгел қамтылуын, сабақтан тыс қалмауын қадағалау, бұл мен үшін маңызды. Оқушы нені ойлау керектігін ұғынуын қадағалап, топтық жұмысты ұйымдастырғанда, олардың бірлесе жұмыс істеуіне мүмкіндік жасау керек. Оқытуды жақсартуда, оқыту үшін бағалауды тиімді ұйымдастырып, сыни тұрғыда дамытуға болатын әдіс-тәсілдердің алуан түрлілігін білдім. Оқушылар өзін-өзі дамытуы үшін жан-жақты ізденуді түсінеді.

Қазіргі заманда тек қана жігерлі, үнемі әр нәрсені білуге ұмтылатын адам ғана өз мақсатына жетеді. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы терең білім беру болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты тиімді де нәтижелі өткізу, сонымен қатар ең бастысы сапалы да саналы білім беру мақсатында өзінің оң нәтижелерін көрсетіп жүрген пайдалы платформалардың тиімді жақтарын ашып ұсынғым келеді. Яғни қазіргі уақытта қашықтықтан білім беретін тиімді платформалар «Pollie», «Learning Apps.org», «Plickers», «Quizizz», «Padlet», «Google Forms», «Classroom» т.б. Бұл платформалардың жеке ерекшеліктері бар. Солардың біріне жеке тоқталып өтейін.

**Plickers** – платформасы бұл көбіне тест түрінде жүзеге асырылатын жұмыстарда өте тиімді. Бұл платформаны қай уақытта қолдану тиімді. Оқу тапсырмасын тексеру кезінде немесе түсіндірілген тақырып бойынша оқушылардың білім деңгейін анықтау кезінде және рефлексия жасағанда қолдануға болады. Бұл платформаны қолдану үшін бізге не қажет. Міндетті түрде смартфон QR код корточкасы керек. Plickers платформасы жұмыс жасау тәртібі ең алдымен Google-ге www.plickers.com сілтемені жазамыз. Одан кейін осы платформаға тіркелетін боламыз. Тіркелген әрбір мұғалімге немесе оқушыға жеке кабинет ашылатын болады. Ол кабинетте «New Set» осы батырманы басу арқылы біз тест жұмысын немесе басқа да сәйкестендіру сурет бойынша жұмыс тапсырмаларын құрастыра аламыз. Ерекшелігі бұл платформаға біз әртүрлі суреттер мен бейнелер, дыбыстық аудиолар қоя аламыз. Яғни оқушылардың тыңдау дағдыларын арттыру және шет тілде сөйлеуге түсінуге көмекші құрал. Сонымен қатар «Scoresheet» батырмасы арқылы біз жүргізілген жұмыстың нәтижесін көре аламыз. Яғни әрбір оқушылардың пайыздық өлшемдері автоматты түрде шығып тұрады.

Plickers платформасын сабақта қолданудың ең негізгісі Plickers-тің карточкасы. Оған қолжеткізу үшін біз Plickers платформасының жоғарғы жағында «Help» батырмасын басқаннан кейін бізге «Get Plickers Cards» ұяшығы шығады. Осы батырманы басу арқылы Plickers QR карточкасын алатын боламыз. Бұл карточка бізге не үшін керек? Яғни құрастырған жұмыстың дұрыс жауабын оқушылар осы QR код арқылы тапсырманың дұрыс жауаптарын анықтап, өз білім деңгейлерін көре алады.

**Wordwall** – интерактивті ойындар құрастыра аламыз. Бұл сервиспен жұмыс жасамас бұрын, алдымен тіркеліп аламыз. Сіздер Google аккаунтпен кіре аласыздар немесе өздеріңізден осы сервис сұраған сұрақтарға жауап беру арқылы кіре аламыз. Тіркеліп болған соң, Мой занятия бөліміне кіріп, Групповая сортировка бөлімшесіне кіре отырып жұмысыңызды жалғастыра бересіз. **EasyQuizzy** – тест құрастыруға арналған оңай бағалауға арналған программа.

Сапалы да, саналы білім беру үшін оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Ол үшін біз оқушыларға сабақта тиімді білім беру жолдарын анықтап, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып отыруымыз керек.

Қазір ғылым мен техниканың дамыған кезі. Алдымызда отырған шәкірттер – білімді терең қажет ететін шәкірттер. Олар заман талабына сай қазіргі компьютер тілін жетік білуі, интернеттен хабардар болуы тиіс. Сондықтан оқушылар мұғалімнен көп жаңалықты күтетіні сөзсіз. Заман талабынан қалмай, оқушыға сапалы білім беру менің басты мақсатым.

Кәсіби оқытудағы кемшіліктер есепке алынып, қолға алынады деп ойлаймыз. Себебі жаңа ғасыр адамзаттан оның кәсіби қызметіндегі барлық өзгерістерді біліп, үнемі білім деңгейін жетілдіріп отыруды қажет етеді. Информатика пәнін оқытуда заманауи білім берудің маңызы, оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне, оқушыны ынталандыруға, оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынасына, оқушының өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік беретініне көз жеткіздім. Әрбір мұғалімнің алдына қоятын мақсаттары болады. Сол мақсатқа жету үшін мұғалім тығырықтан шығатындай жол іздейді. Әрбір мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана еліміздің саналы, дарынды азаматтарын тәрбиелеп шығуға мүмкіндік бар. Шығармашылықпен іздену мұғалімнің еңбегіне, ой - өрісінің толысуына көп көмегін тигізеді. Білімді ұлт - тұрақты даму кепілі. Қазіргі кезде мұғалімдердің алдында тұрған басты міндет оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, әр тақырыпты олардың санасына жеткізе түсіндіру деп ойлаймын.

# МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ - ЕЛДІҢ МАҚТАНЫШЫ

***ЗЕЙДЕНОВА Рахат Омирбаевна,***
***Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің математика, физика пәнінің әдіскері.***
***Түркістан облысы***

Елімізде білімді басым бағытта дамыту үшін барлық жағдай жасалуда. Білім саласында математика, физика пәндерінің маңызды роль атқаратыны белгілі. Математика, физика пәндері бойынша жеткен жетістіктеріміз – елдің мақтанышы. Сондықтан да математика, физика пәндері бойынша жеткен жетістіктерімізді қуанышпен айта аламыз. Түркістан облысы, Келес ауданы бойынша математика пәнінен 296 педагог, физика пәнінен 103 педагогымыз бар.Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ «Жаратылыстану-математикалық циклі пәндері бойынша Президенттік олимпиаданың» облыстық кезеңінде сапалы білім көрсеткені үшін №47 Д.Қонаев атындағы жалпы орта мектебінің 11-сынып оқушысы Үскенбай Еркежан Артыққызы физика пәнінен Мақтау қағазымен марапатталды.

«Зерделі ақыл-ой дамыту мектебі» КММ ұйымдастырған математика пәнінен 5-6 сынып оқушылары арасында өткізілген «Алтын сақа-2022» олимпиадасының аудандық кезеңінен 83 оқушы I, II, III дәрежелі Дипломдарымен марапатталды.

Облыстық кезеңге жолдама алған 10 оқушы жүлделі орындарға, II орынға 4 оқушы, III орынға 1 оқушы, Мақтау қағазына 1 оқушы ие болды.

Математика, физика пәні мұғалімдерінің жетістіктері туралы тоқталып өтейін. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ ұйымдастыруымен «Білімді ұлт: терең білім, еңбекқор және отаншылдық қасиет» тақырыбында өткен педагог қызметкерлердің облыстық тамыз конференциясында жоғары дәрежеде инновациялық идеялары мен тәжірибесін бөліскені үшін №40 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің математика пәні мұғалімі Исмайлова Гаухар Арапбаевна, №39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта мектебінің математика пәні мұғалімі Кененбаева Оразкүл Алгиевна Мадақтамамен марапатталды.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ ұйымдастыруымен «Үздік авторлық бағдарлама» байқауының жеңімпазы «№19 Б.Майлин» жалпы орта мектебінің математика пәні мұғалімі Урдабаева Зайра Камалхановна II дәрежелі Дипломмен марапатталды.

***Отырар ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты С.Құртаев атындағы мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің химия және биология пәндерінің мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Отырар ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:** | 8.1.1.1 - зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді білу және Авогадро санын білу;<br>8.1.1.2 - қосылыстың молярлық массасын есептей алу. |
| **Сабақтың мақсаты:** | ***<u>Барлық оқушылар үшін:</u>***<br>Зат мөлшері, моль, молярлық масса ұғымдарымен таныстыру және заттардың мөлшерін есептеу машықтарын қалыптастырады.<br>***<u>Көпшілік оқушылар үшін:</u>***<br>Математикалық білімдерін пайдалана отырып, зат мөлшерін, молярлық массаны есептеуде ойлау қабілеттерін дамытады.<br>***<u>Кейбір оқушылар үшін:</u>***<br>Химиялық сандық есептеулердің орындалуы - физикалық шамалардың көмегімен, яғни моль, мольдік масса терминдеріне түсінік береді. |
| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы Қызығушы-лықты ояту**<br><br>**7 минут** | **(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1.Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда **шаттық шеңбері** жүзеге асырылады.<br>3. Оқушыларды топтарға біріктіру.<br>**«Сөз жұмбақ»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі.<br>Өзгенің пікірін толықтырады. | Сыныпта үш қатар парта бойынша 3 топқа бірігеді. Кабинеттегі парталар қатырылып қойғандықтан топтасып отыруға ыңғайлылық туғызбайды.<br>1-топ: Зат мөлшері<br>2-топ: Авогадро саны<br>3-топ: Молярлық масса<br>**1-топ сұрақтары**<br>1. Жер қыртысында көп тараған металдар.<br>2. 2% артық көміртек пен кремний, марганец, фосфор және күкірт қоспасы бар темірдің көміртекпен құймасы.<br>3. Қандай элементтердің аты планета атымен сәйкес келеді?<br>4. Қандай элементті өмір және өлім элементі деуге болады, не үшін?<br>5. Сұйық күйдегі ауыр металл.<br>**2-топ сұрақтары**<br>1. Ежелгі грек мифологиясындағы батыр атымен аталған элемент.<br>2. Жаз мезгілінде сүтті ашытпай біраз уақыт қалай сақтауға болады?<br>3. Жануарлардың асқазан сөлінде қандай қышқыл бар? Оның рөлі қандай?<br>4. Найзағай ойнағанда қандай қышқыл түзіледі?<br>5. Медиктер зарарсыздандыру кезінде, тері илеушілер елтірі дайындау кезінде, химиктер шыны дайындау кезінде қандай қышқылды қолданады?<br>3 топ сұрақтары<br>1. Ең улы қышқыл.<br>2. Қандай қышқыл таза күйінде аязды еске салады, ал қайсысы мұз кристалдарын?<br>3. Тұзды тұздар көппе?<br>4. Ертеңгі асқа отырмай тұрып қандай тұзды пайдаланасыз?<br>5. Тіршіліктің негізі болатын элементтен тұратын қышқыл? | **Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>**Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі | Оқулық, жұмыс дәптері<br><br>*(Қазіргі жағдайда)*<br>ДК экраны |
| **Жаңа сабаққа кіріспе Мағынаны ашу**<br><br>**15 минут** | Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.<br>Оқулықтағы жаңа сабақты Білім лендтен интер тақта арқылы көріп, мәтінін оқуға тапсырма береді.<br>Балалар:<br>Біз не түсіндік?<br>Не білдік? | Оқулықты оқып танысып шығады. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады.<br>1-топ Зат мөлшері бойынша<br>2-топ Авогадро саны бойынша<br>3-топ Молярлық масса бойынша топтасып «Постер» құрып қорғайды | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп талқылауға белсенділік-пен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру<br>Презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жеке жұмыс**<br><br>**5 минут** | Оқылулық бойынша заттардың формулаларын жазып, салыстырмалы атомдық және салыстырмалы молекулалық массаларын есептеңдер. | А) марганцовка «калий – марганец – о – төрт»<br>Ә) күкірт қышқылы «аш – екі – эс – о – төрт»<br>Б) глюкоза «це – алты – аш – он екі – о – алты»<br>В) алюминий оксиді «алюминий – екі – о – үш» | Дескриптор:<br>Жалпы - 3 балл<br>1. Формула құрастыра алады<br>2. атомдық және салыстырмалы молекулалық массаларды есептейді | ДК экраны<br>8-сынып оқулығы<br>Жұмыс дәптерлері |
| **Жұптық жұмыс**<br>**5 минут**<br><br>**5 минут**<br><br>**5 минут** | Тапсырмалар айдарындағы 1-2-3 тапсырманы үш топ бөлісіп орындайды, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. | 1-топ Мәтінді аяқта.<br>$3,01 \cdot 10^{23}$ сутек атомы –<br>моль сутек атомы<br>$1,5 \cdot 10^{23}$ $NH_3$ молекуласы –<br>моль аммиак молекуласы<br>$6,02 \cdot 10^{24}$ сутек атомы –<br>моль сутек атомы<br>$6,02 \cdot 10^{22}$ $NH_3$ молекуласы –<br>моль аммиак молекуласы<br>**2-топ**<br>1. Бер: m (H2SO4) = 294г<br>т/к: ν-?<br>2. Бер: ν (P2O5) = 10 моль<br>т/к: m-?<br>3. Бер: $N_0$ (AI2O3)= $24,08 \cdot 10^{23}$<br>т/к: ν-? m -?<br>**3-топ**<br>**100г су H2O** зат мөлшерін есепте<br>150г **Хлорсутек** HCl зат мөлшерін есепте<br>**200г Азот қышқылы $HNO_3$** зат мөлшерін есепте<br>**250г Күкірт қышқылы $H_2SO_4$** зат мөлшерін есепте | Дескриптор:<br>Жалпы - 3 балл<br>1. Есептер шығару арқылы бүгінгі өткен тақырыпты қорытындылайды<br>2.Зат мөлшерді есептеуді үйренеді<br><br>Дескриптор:<br>Жалпы - 2 балл<br>1.Зат мөлшері<br>Авогадро саны бойынша есептер шығарады<br><br>Дескриптор:<br>Жалпы - 2 балл<br>1.Зат мөлшері бойынша есептер шығарады | ДК экраны<br>8-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері |
| **Сабақтың соңы**<br>**Ой толғаныс.**<br>**Рефлексия**<br>**3 минут** | **«Еркін микрофон» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылар-дың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау» әдісі** арқылы бағалайды. Яғни «Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады. | |
| **Саралау.** Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | | **Бағалау**. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау | |
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | | **«Мадақтау сөзі» әдісі** | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. | |

# ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫНЫҢ «ЗАР ЗАМАН» ТОЛҒАУЫ

***РЫСБАЕВА Рано Мырзалиевна,***
***«Қазақстан» жалпы орта мектебінің***
***қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Шардара ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 7.2.3.1. Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау.<br>7.1.4.1. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту. |
| **Сабақ мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** «Зар заман» толғауынан көркемдегіш құралдарды анықтап, көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашады.<br>**Көпшілігі:** Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдап, үзінділерді жатқа айтады.<br>**Кейбір оқушылар:** Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдап, көркемдегіш құралдарды қолданып өз көзқарасын білдіріп, үзінділерді жатқа айтады. |
| **Бағалау критерийлері:** | • толғауды көркемдік ерекшелігіне талдайды;<br>• тілдік құралдардың автор ойын жеткізудегі орнын анықтайды;<br>• көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айтады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақтың кезеңі/ уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**7 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Сабақтың ортасы** | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Оқушылар назары сабаққа аударылады.<br>**Жағымды ахуал қалыптастыру**<br>Оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастырады.<br>Оқушыларды қима қағаздар арқылы 3 топқа бөлемін.<br>1-топ «Нұрлы заман» тобы<br>2-топ «Зар заман» тобы<br>3-топ «Қилы заман» тобы<br>**Үй тапсырмасын сұрау**<br>**«Тест интервью» әдісі** арқылы оқушылар сұраққа жауап береді.<br>1.Шортанбай өмір сүрген заман туралы не білесіңдер?<br>2. XIX ғасырда қазақ даласында қандай тарихи оқиға орын алды?<br>2.Зар заман ақындары деп кімдерді айтамыз?<br>3.Бұл ақындарды неліктен «Зар заман ақындары» деп атап кеткен?<br>**I.«Миға шабуыл» әдісі**<br>Жаңа тәртіп, жаңа заң енді елге,<br>Бұқара бетбұрысқа көндігер ме?<br>Бейжай қарап қалмады бұлқынды ел<br>Қазағым, бұндай жайды енді көрме,- деген өлең жолдары арқылы қазақ даласында болып өткен қандай тарихи кезең жайында оқушылар өз ойларын айтыңдар.<br>***<u>II. Мағынаны тану</u>***<br>Оқушылар «Зар заман» толғауын мәнерлеп оқыңдар.<br>**1-тапсырма.** Өлең жолдарынан берілген көркемдегіш құралдарды табыңыз.<br>**1-топ** | Оқушылар назарын сабаққа аударады.<br>Оқушылар жағымды ахуал қалыптастырады<br><br>Оқушылар қима қағаздар арқылы 3 топқа бөлінеді<br><br><br><br>Әр топтан оқушылар сұрақтарға жауап береді.<br>Жауап бере алмағандарын келесі топ толықтырады.<br>Тарихи-әлеуметтік жағдайға тоқталады.<br>Зар заман ақындарын атайды<br><br>Ақындардың «Зар заман ақындары» атану себебін түсіндіреді<br>Оқушылар тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап береді.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады<br><br>Берілген үзінділердегі көркемдегіш құрал түрлерін анықтайды; | Қ/Б.<br>Ауызша марапаттау, мадақтау<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қ/Б.<br>Ауызша марапаттау, мадақтау<br><br><br><br>ҚБ<br><br><br><br><br><br><br>Қ/Б.<br>Ауызша марапаттау, мадақтау | 7-сынып «Қазақ әдебиеті» оқулығы<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>WWW.zharar.com/kzw.<br><br><br><br><br><br><br><br>Дереккөз: https://surak.szh.kz/217584/<br><br><br><br>Деректер жазылған қағаздар А4 парағы |

<table>
<tr>
<td>10 минут<br><br>5 минут<br><br>10 минут<br><br>10 минут</td>
<td>
<table>
<tr><th>Мысалдар</th><th>Көркемдегіш құрал түрлері</th><th>Қолданылу ерекшелігі</th></tr>
<tr><td>Орыс - бүркіт, біз - түлкі аламын деп талпынды.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Азулыға бар заман, Азусызға тар заман.</td><td></td><td></td></tr>
</table>
2-топ
<table>
<tr><th>Мысалдар</th><th>Көркемдегіш құрал түрлері</th><th>Қолданы-лу ерекше-лігі</th></tr>
<tr><td>Қайсыбірін айтайын, Қазақтың ұлы қамалды. Қамалмай енді неғып тұр?</td><td></td><td></td></tr>
</table>
3-топ
<table>
<tr><th>Мысалдар</th><th>Көркемде-гіш құрал түрлері</th><th>Қолданылу ерекшелігі</th></tr>
<tr><td>Билер жейді параны Сақтап қойған сүріндей. Заманның түрі бұзылды Текеметтің түріндей.</td><td></td><td></td></tr>
</table>
2-тапсырма. «Қазына іздеу» әдісі.<br>
Шығармадан ақынның қолданған көркемдік қолданыстарына қарай символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ сияқты тәсілдердің қолданысты анықтаңдар.<br>
3-тапсырма.<br>
1-топ. «Т» кестесі бойынша шығармадан үзінді алып, оған өз көзқарасыңды білдір.<br>
Өлеңнен үзінді<br>
Өз пікірім<br>
II топ.«FILA» кестесі. Топ құрамында төрт-бес адам болады. Әрқайсысы «FILA» әдісі бойынша тапсырма түрлерін бөліп алады, қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырады.<br>
F /Дерек/ – толғаудан үзінділер келтіріп, деректер жинау;<br>
I /Пікір/– автор туралы өзінің ой-пікірі;<br>
L /Сұрақ/– толғау мазмұнын ашатын сұрақтар;<br>
A /Іс-әрекет/– автордың туған жерін суреттеудегі қолданған тәсілдері.
<table>
<tr><th>Деректер</th><th>Ойлар</th><th>Сұрақтар</th><th>Іс-әрекет</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
3-топ.«Топтастыру» стратегиясы<br>
«Зар заман» толғауын қазіргі заманмен байланыстыра суреттеңіз.
<table>
<tr><th>Зар заман белгілері</th><th>Бүгінгі заман белгілері</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
4-тапсырма.<br>
«Сенің ойың қандай?» әдісі бойынша берілген тұжырымдарға өз ойларын білдіріп, толғаудағы үзінділерді қазіргі өмірмен байланыстыра отырып
</td>
<td>Көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшелігін талдайды.<br>Ақынның қолданған көркемдік қолданыстарына қарай символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ сияқты тәсілдердің қолданысты анықтайды;<br>Көркемдік қолданыстың автор ойын жеткізудегі орнын анықтайды;<br>Өз көзқарасын білдіріп, сөйлеммен тұжырым шығарады<br><br>Шығармадағы мәселелерді анықтайды<br><br>Өз ойларын кестелерді толтыру арқылы тұжырымдайды<br><br>Қосымша мәліметтер келтіреді<br><br>Мәселелерді қазіргі күнмен салыстырады<br><br>Оқушылар шығармаға өз ойларын білдіріп, толғаудағы үзінділерді қазіргі өмірмен байланыстыра отырып өзіндік көзқарастарын білдіреді<br><br>Үзінді арқылы заман бейнесін ашады<br><br>Үзіндідегі ойға сыни тұрғыдан баға береді</td>
<td>Қ/Б.<br>Ауызша марапаттау, мадақтау<br><br>Қ/Б.<br>Ауызша марапаттау, мадақтау</td>
<td>Деректер жазылған қағаздар А4 парағы</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | өзіндік көзқарастарыңызды білдіріңіздер.<br>**I топ**<br>«Әуелгі қорлар зор болды,<br>Сондай зорлар қор болды.<br>Әуелгі барлар жоқ болды,<br>Сондай жоқтар тоқ болды.<br>Жөн білмеген жамандар,<br>Ел билеген бек болды» - деген үзіндіде ақынның айтпақ ойын үзіндіден тауып, өз пікіріңді білдір.<br>Шортанбай заман өзгерісін қалай түсінді және қалай жырлады?<br>**II топ.** Ақынның айтпақ ойын үзіндіден тауып, өз пікіріңді білдір.<br>Бұл асылық, асқан заманда<br>Ұл туады атаменен егесіп,<br>Қыз туады анаменен теңдесіп.<br>**III топ**. Заманды бұзған кімдер?...<br>Ақынның қорку себебін көрсететін үзіндіні тауып, өз пікіріңді білдір. | | | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**3 минут** | **Сабақты бекіту. «Бес қадам» әдісі** арқылы әрбір 5 оқушы сұраққа жауап біріңдер.<br>Шортанбай ақын толғауларымен таныса отырып, автордың нені арман еткенін байқадыңыз ба?<br>«Зар заман» толғауының астарлы мазмұнын ашыңыз.<br>Қазтуған жырау мен Шортанбай ақынның көзқарасының бір екендігін толғаулары арқылы салыстырып дәлелдеңіз.<br>«Зар заман» толғауының мазмұнын ашыңыз.<br>**Кері байланыс. «ҚҚҚ» әдісі** арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.<br>Қ - құнды<br>Қ - қызық<br>Қ - қиын<br>**Үйге тапсырма:** Ш.Қанайұлы «Зар заман» өлеңінен үзінді жаттау. | Әрбір 5 оқушы сұраққа жауап береді<br><br>Оқушылар сабақта алған<br>маңызды ақпарат, қиындық келтірген мәселе, сабақта ұнаған аспектке дәлел келтіреді | **Қ/Б.**<br>Ауызша марапаттау, мадақтау | |



# БАСКЕТБОЛ. ОЙЫН ӘДІСІН ЖАҚСАРТУ

*ХАЙРЕЕВ Ермек Төлендіұлы,*
*Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжінің дене шынықтыру пәні мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Жетісай ауданы*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 7.1.3.1 - Арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті жетілдіру және қорытындылау.<br>7.2.4.1 - Дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажетті ережелер мен құрылымдық тәсілдерді көрсете білу. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Ойын техникасы ережелері мен ойын барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Ойын техникасының дағдысын дамыту жаттығуларын біледі.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Ойын техникасының дағдысын дамыту жаттығуларын өмірмен байланыстырып, ой қорытады. |
| **Бағалау критерийі** | Ойындардағы айырмашылықтарды түсінеді және рөлдерді белсенді көрсетеді;<br>Мақсатқа жету үшін топта бірігіп жұмыс атқару барысында қозғалыс дағдыларын қалыптастырады. |

| Сабақтың кезеңі/уақыты | Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Басы** | Сапқа тұрғызу. Салемдесу<br>Қауіпсіздік нұсқауды орындау керек екенін ескерту.<br>**Оқушылардың белсенді қатысуы үшін арнайы жалпы дамыту жаттығулары**<br>Саптық жаттығулар:<br>Оңға, солға бұрылу<br>Жүру жаттығулары:<br>Аяқтың ұшымен, өкшемен, жартылай отырып, толық отырып<br>Жүгіру жаттығулары:<br>Бір қалыпты, тізені көтеріп, аяқты артқа сермеп, оң, сол жанмен. | Оқушы өз жұбын табады.<br>Әдіс арқылы қайталау<br>Сұрақ-жауап орындайды | Қол шапалақ | Әр түрлі белсенділік үшін үлкен, бос кеңістік |
| **Ортасы** | **Жаңа сабақ.** Ойын техникасының дағдысын дамыту.<br>**Жаңа сабақтың мақсаты мен бағалау критерийін таныстырамын.**<br><br>**1. Екі қолмен кеуделен лақтыру.** Бастапқы жағдайда доп кеуде тұсында болады. Бір аяқ  ептеп алдыға қойылуы мүмкін. Аяқтар ыңғайлы, орнықты жағдай жасап тұру керек. Денеге жоғары бағытталған қозғалыс беретін аяқтың созылуымен қатар олар жоғарыға қарай созылуы керек, допқа доға тәріздес траектория жасалу керек.<br><br>**2. Бір қолмен иықтан беру.** Бастапқы жағдайда доп иық тұсында бір қолдың білезігінде болады. Екінші қолы оны демеп тұруы мүмкін. Кезену кезінде баскетболшы доп беретін жаққа қолы бұрылып дененің қарсы қимылмен қолды алдыға созып допты қажетті бағытқа жібереді. Бастапқы жағдайда доп беретін қолмен әр аттас аяқ алға қойылады.<br><br>**3.Жоғарыдан бір қолмен беру.** Доптың бастапқы жағдайы, бір қолының білезігінде. Алға қозғалғанда қол жазылады да, білезік допты орап, берілімді аяқтайды.<br><br>**4. Бір қолмен төменнен беру.** Бастапқы жағдайда доп, жамбас тұсында, бір қолдың білезігінде болады, | Ойындар олардың физикалық және спорттық дағдыларын дамытуға көмектесетіндігі туралы өз түсініктерін көрсете және сипаттай алады.<br><br>Жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды;<br>Бір қолмен иықтан беру әдісін дұрыс орындайды;<br>Екі қолмен кеуделен лақтыру әдісін дұрыс орындайды;<br>Жоғарыдан бір қолмен беру әдісін дұрыс орындайды;<br>Бір қолмен төменнен беру әдісін дұрыс орындайды. | Смайликтер арқылы ҚБ өзін- өзі бағалау<br><br>ҚБ «Бағдаршам»<br><br>ҚБ «От шашу» | Әрбір қызмет түрі үшін үлкен бос кеңістік<br><br>Мұғалімге арналған ысқырық, секунд өлшегіш, бор, шеңбер, резеңке доп, фишкалар, қағаз, қалам<br><br>Патриоттық сезім туралы сілтеме: |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | алақан жоғары қарап, саусақтар алға созылады. Аз ғана кезенуден соң алға айналуды бастайтын қозғалыспен орындалады. Білезік бірте-бірте ашылып, доп одан сырғанап түскендей болады. Ұшу биіктігі білезіктің қай мезетте ашылғанына байланысты болады. Қолды соза берген уақытта әр аттас аяқ алға адымдайды.<br>1-тапсырма. Оқу тапсырмасының ережелері мен қауіпсіздік ережелерін еске түсіріңдер, жаттығулар барысында сақтаңдар.<br>Допты лақтыру әдістерін орындаңдар.<br>**«Кім епті?» әдісі**<br>**Дескриптор: Білім алушы**<br>-Жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды;<br>**-**Бір қолмен иықтан беру әдісін дұрыс орындайды;<br>-Екі қолмен кеудеден лақтыру әдісін дұрыс орындайды;<br>-Жоғарыдан бір қолмен беру әдісін дұрыс орындайды;<br>-Бір қолмен төменнен беру әдісін дұрыс орындайды;<br>**ҚБ. «Бас бармақ» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалайды.**<br>**Сұрақ-жауап:** Ойын кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз қажет пе? Өздеріңіздің практикалық білімдеріңізді және дағдыларыңызды күнделікті өмірде қалай қолданасыз?<br>Бұл тапсырмада қандай арнайы спорттық қозғалыс әрекеттері қолданылды? | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Кері байланыс**<br>1.Сіз үшін жаңа ақпарат ...<br>2.Не қиын болды?<br>3.Не оңай болды?<br>4.Нені ескеруім керек? | Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымда-рына байланысты кері байланыс жасайды. | | |



# ӘР ТҮРЛІ КЕДЕРГІЛЕРДЕН ЖҮГІРУ

*АМАНБЕКОВ Сакен Нуралиевич,*
*С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернатының дене шынықтыру пәні мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:** | 8.1.3.1 Арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті түсіндіру және көрсете білу. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар:**<br>- тапсырманы орындау барысында уақыт жылдамдығын біледі, қауіпсіздік ережесін сақтайды;<br>қозғалысты жеке және бірге орындауды біледі;<br>- бір орында кеудеден екі қолмен пас беруді орындай біледі;<br>**Көбі оқушылар:**<br>- допты алып жүріп, пас бере алауды біледі;<br>- қозғалыста екі қолмен допты кеудеден беруді орындауды біледі;<br>**Кейбір оқушылар:**<br>- қозғалыста орта, жоғары жылдамдықпен екі қолмен допты кеудеден беруді орындайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | - көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей алады;<br>- допты алып жүріп, пастарды бірден орындайды және түсіндіре біледі. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Қарым-қатынас жасау қабілеті. Оқушыларды бір - біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Жаратылыстану, математика | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Презентация, бейнежазба, Whatsapp желісі. | |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Қарапайым арнайы спорттық техникаларды орындау кезіндегі дағдылар мен кеңістікті және қимыл қозғалыстарды (жүгіру, тоқтау, секіру, допты қабылдау, пас беру) орындау кезектілігін түсінетінін, іс-қимыл жасау білігін көрсетеді.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** кеудеден екі қолмен, допты қабылдау, аут, айып добын лақтыру, ауысу.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>Допты не себептен кеудеден екі қолмен берген тиімді?<br>Баскетбол ойыншыларының саны?<br>Себеттің еденнен биіктігі?<br>Ойынның ұзақтығы? | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>**20 минут** | 1. Амандасу.<br>2. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.<br>3. Сабақ тақырыбы мен табыс критерийлері анықталған соң, бой сергіту жаттығуларын бейнероликтен көрсетемін. Жаттығу орындау барысында дене қозғалыс сапасы дамиды (оқушылардың уәжін көтеретін). Мұғалім сұрақ қойып оқушылардың жауабын алады. Оқушы жауап береді. Ойын осылай жалғасады.<br>4. Баскетбол ойынындағы қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.<br>Қалыптастырушы бағалау: мадақтау, демеу. | **Спорттық құралдар**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=fIHRfDkugyE&t=29s**<br>**Презентация көрсету**<br>**Баскетбол добы (суреті)** |
| **Сабақтың ортасы**<br>**20 минут** | **Жалпы орындалатын жаттығулар:**<br>Оқушылар бір-бірінен екі, үш метр қашықтықта тұрып допты ұстауды қайталайды. Имитациялық жаттығулар. (кеудеден екі қолмен доп беру, қабылдау) бейнеролик көрсету.<br>**Физикалық деңгейі төмен оқушылар**<br>Оқушылар жұптарға бөлініп бір-бірінен 2-3 метр қашықтықта қарсы тұрады. Допты орында тұрып кеудеден екі қолмен беру және қабылдау көрсету.<br>Тапсырманы орындау барысында мұғалім модельдеу әдісін қолданып, қабілетті оқушыны эксперт қылып, өз қимыл-қозғалысын басқа оқушыларға көрсеткізеді.<br>Тапсырмада бірлескен оқу әдісі, топтық жұмыс, саралау әдістері қолданылады.<br>Қалыптастырушы бағалау: мадақтау, демеу, жеке қолдау. | **Баскетбол доптары (суреті)**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=fIHRfDkugyE&t=29s**<br><br>**Баскетбол фишкалары, доптар** |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия (сөйлемді жалғастыр)** | |
| **5 минут** | Оқушыларға сұрақ қойылып мұғалім жауаптарына қарай бағалайды. Мұғалім оқушыға сөйлемді жалғастыруын сұрайды:<br>✓ Не білдім…<br>✓ Не түсіндім...<br>✓ Не үйрендім…<br>✓ Не түсініксіз...<br>✓ Әлі де жұмыс жасау керек...<br>✓ Өмірде қолдана аламын ба?<br>Үй тапсырмасын беру:<br>- Таңғы бой сергіту, білек бүгіп жазу, кеудені көтеру, тартылу. | |










# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

***НУРТАЗАЕВА Гулнур Әбітайкызы,***
***ЖШС «Мың бала» мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, директордың оку жөніндегі орынбасары.***
***Туркестан каласы***

Мамандык таңдау – адам өміріндегі маңызды шешім. Мен бастауыш сынып мұғалімі мамандығын таңдағаным үшін қуанамын. Баланың қандай адам болып қалыптасатыны мұғалімге тікелей байланысты. Мен өзімнің мұғалімдік жолымды мүсіншіге теңер едім. Себебі, алғашқы ұстаз қарапайым саз балшықтан көрнекті мүсін жасап шығарғандай ойын баласынан қоғамда алдына қойған мақсаты бар жеке тұлғаны қалыптастырады. Балаларға деген сүйіспеншілікті, олармен сөйлесе білуді, оларды түсінуді және үйрете білуді мен ақынның, жазушының, суретшінің немесе музыканттың таланты сияқты ерекше дарын деп білемін. Мен неліктен мұғалім мамандығын таңдадым? Әрбір оқушы мектеп қабырғасында жүргенде өскенде мен де осы адам сияқты қызмет жасаймын деп бір-біріне мақтана айтып жүреді ғой. Бұл жағдай менің де басымнан өтті. Алғашқы ұстазымды қимастықтан, әлде ұстаздық жолға деген сүйіспеншіліктен болар бастауыш сыныппен қоштасқаннан кейін, алдыма мақсат қойдым десем де болады. Қайтсем де болашақта ұстаздық жолды таңдаймын деп өзімді педагог ретінде қалыптастыра бастадым. Бұл қадамдарыма себепкер болған жан менің алғашқы ұстазым еді. Бастауыш сынып мұғалімі дегеніміз көңілі таза ойын баласының болмысын қалыптастыратын тылсым жан екенін ұқтым. Жоғары сыныпқа аяқ басқан кезде өзге оқытушыларға сыныбымды мақтап, алғашқы ұстазым туралы жақсы пікір айтқан сәттен бастап-ақ тұла бойымды ерекше қуаныш сезімі кернеп, мұғалімдікке деген қызығушылығым арта түскендігін байқадым. Мен бала болсам да сол кездің өзінде-ақ болашақта қандай маман иесі болатынымды айқындаған болатынмын. Мамандық таңдаудағы ең шешуші кезең 11-сынып екені баршамызға белгілі. Бұл тұста мен жүрек қалауыма жүгініп, қиындығы мен қызығы қатар жүретін ұстаздық жолды таңдадым. Өз таңдауымды қолдайтын адамдар менің ұстаздық қызметке деген қызығушылығымды арттырды. Қазіргі кезде бастауыш сынып мұғалімі болғанымды мақтан тұтамын. Жетістікке жеткен шәкірттерім үшін қуанамын. Таэквондо жеңімпазы және озат оқушы Ултубай Рамазан, бірнеше республикалық жарыстардың жеңімпазы Тұрысбек Айша, Шайхидин Алинур, Лесбек Мустафа, Қанатұлы Акберен математик балапандар, Полат Алинур, Жанарыс Жанасыл, Бағлан Айболат өте керемет оқушылар деп мақтанышпен айтамыз.

# ОТЫРАР - ҰЛЫЛАР МЕКЕНІ



*ӨМІРБЕК Қасиет,*
*«Мыңшұңқыр» жалпы орта мектебінің 11-сынып оқушысы.*
*Түркістан облысы, Отырар ауданы*

Тарихымыздан ойып тұрып орын алатын сонау сан мың жылдық тарихы бар, талай ғұламалар шыққан, киелі Отырар өлкесі. Отырар дегенде ең әуелі ойымызға, қаһарын төккен Шыңғысханға 6 ай бойы берілмеген қайсар қала және әйгілі ғұлама, әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр әл Фараби келетіні анық. Алайда бұл осымен шектеледі деген сөз емес. Сонау 1218 жылы Шыңғысхан тас-талқан етіп қиратқан қаламыздың атауы әлі де өшкен емес. Отырар өлкесінің қазіргі бейбіт тұрғындары мына біздер. Өлкеміз осы уақытқа дейін тек атауын ғана емес, өзінен шығатын әйгілі адамдарды да жоғалтпаған. Қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқов, ақиық ақын Мұхтар Шаханов, әлемге әйгілі палуан Қажымұқан атамыз, айтыстың дүлділдері Әселхан Әлішерікызы Қалыбекова, Тәушен апаларымыз, барлығы да киелі Отырардан шыққан тұлғалар. Арыс өзені жағалай өткен бұл киелі өлке қаншама оқиғаларлың куәсі болған. Қазіргі таңда аумағы біраз жерді алып жатқан ауданға айналды. Киелі өлкеміз ешуақытта дарындыларды, ғалымдарды, ғұламалар мен ақын жазушыларды шығаруын тоқтатпайды. Ауданымыздың орталығы Шәуілдір елді мекені туристер жиі ағылатын орынға да айналды. Оған себеп сонау ғасырлардан берґі тарихы бар Отырар қалашығы мен Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы Арыстан баб бабамыздың кесенесі. Жан-жақтан келуші туристер ең әуелі осы Арыстанбаб кесенесіне соғады. Ауданымыздың экономикасы қарқынды дамып келе жатыр десем де болады. Өлкемізден шыққан атақты адамдарды да, сол кісілердің жолын қуған өскелең ұрпақта киелі Отырар атауын әлемдік деңгейде танытатынына сенеміз және мақтанышпен айта аламыз!

## Мен абайдың ұрпағымын

*Мен Абайдың ұрпағымын, қаным қазақ,*
*Тұла бойым тулаған тәнім қазақ.*
*Ұрпағы болып туғаныма қуанамын,*
*Сол үшінде мәңгілік жаным азат.*

*Қазақтың тағдырына дара туған,*
*Абайдай ұлы тұлға жаратылған.*
*Қалам алып қолына, өлең жазған,*
*Кем болмас, бұл бабамның жолын қуған.*

*Бар жырыңмен ұрпағыңды тербеттің,*
*Қара сөзбен құйындаттың, селдеттің.*
*Қазақ елін тани алмай жүргенге,*
*Өз тілінде Абайша сен сөйлеттің.*

*Кім білмейді Абайды бұл қазақта,*
*Ұлы Абайды білмеген жұрт қазақпа.*
*Саған арнау жаза бергім келеді,*
*Әр күнімде, әр жиырма төрт сағатта.*

*Мұхтар сынды қазақтың жақсы адамы,*
*Сіз секілді, қазаққа бір жақыны.*
*Бүкіл ғұмыр тарихыңды жазып шыққан,*
*«Абай жолы» деп қойған ұлы атыңды.*

*Бұл ұрпағың өзіңмен мақтанады,*
*Өлеңдерің санамызда жатталады.*
*Абайдай ұлы тұлға әр қазақтың,*
*Жүрегінде мәңгілік сақталады!*



# ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ БЕЙНЕСІ

*ОРАЗҒАЛИ Сабина,*
*№ 71 жалпы орта білім беретін мектебінің 4 «Ә» сынып оқушысы.*
*Жетекшісі: Алпысбаева Сауле Умиртаевна, бастауыш сынып мұғалімі.*
*Шымкент қаласы*

Ана қызметі айрықша. Ол әуелі үй-іші, отбасы береке-бірлігінің ұйтқысы, одан ауыл, ел ынтымағының нәзік үйлестірушісі. Адуын би, азулы хандардың өзі ел аналарының алдында кішірейіп, оларға ақыл салып отырған. Осы мерейлі Ана бейнесі жазушылардың шығармаларында қалай сомдалған? Қыздарымызға үлгі-өнеге болып, көз алдында тұратын Ана болмысын жасай алдық па? Әлемдік әдебиетте Әйел-Ана образы айрықша дамыған. Қазақ әдебиетінде де Әйел-Ана образы ерекше дәріптеледі. Бұл тұрғыда біз Әйел-ана образының бастау қайнары тарихта екенін еске аламыз. Шын мәнінде, қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен ерлігімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына тіл арқылы сіңіре білген Әйел-Аналар да аз емес ( *Құртқа, Қарашаш, Домалақ ана,*т.б.). Сондықтан ана тілінің тағдырында, бүгіні мен ертеңінде бағзы замандардағыдай аналардың алатын орны, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше.

Қазақ халқының Әйел-ана туралы тарихи деректерге сүйене отырып, аналық парасаттылығын, адамгершілігін, көрегенділігін, даналығын жан-жақты ашу, тарату, үлгі ету зерттеу жұмысымның негізгі мақсаты мен міндеттері**.** Қазақ аңыз-әңгімелері мен ертегілеріндегі ананың өмірін, ерекше әулиелік қасиеттерін, аналарымызға тұрғызылған кесененің тұрғызылуын, өмірден өтуі туралы деректерді, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін негізгі нысан етіп алдық.

Қазақ әдебиетіндегі әйел ана образы.

Әйел тағдыры – қай заманда да өзекті мәселелердің бірі. Әдебиет пен адамзат қоғамы бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан, ақын-жазушылар адами құндылықтарды жазудан бас тарта алмайды. Онсыз шығармашылық тұлғаның дамуы да болмайды. Бұл ретте қазақтың көрнекті қаламгерлері де адам факторын басты нысан етіп алған. Мәселен, дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер әйелдің халімен өлшенген. «Отаршылдық», «құндылықтардың жойылуы», «ғылымның дамуы», «қала мәдениетінің қалыптасуы» – бұлар XX ғасырдағы қазақ тұрмысын сипаттайтын басты белгілер. Міне, жаңа ғасыр әкелген ұлы өзгерістердің барлығы әдебиетте көрініс тапқан. Осы орайда ұлттың анасы, ұрпақтың тәрбиешісі, әулеттің аяулысы болған қазақ қызының тағдыры айрықша назарға ілікті. Себебі қоғам алдымен әйелдің болмыс-бітімін өзгертті. Қазақ әйелі де оқуға барды, ерлермен бірге қызмет істеді, киім кию үлгісі өзгерді, өмір салты қалалық өркениетпен байланысты. Бұның өзі тұрмыс-тіршіліктің оң өзгерісімен қатар кемшіліктерін айғақтады.

Қазақ әдебиетінде әйел тақырыбын өзек еткен алғашқы прозалық шығармалар жоғарыда аталған Еуропа қаламгерлерінің туындыларынан дараланып тұрады. Себебі әр шығармада әр ұлттың өз танымы мен түсінігі берілген. Мәселен, қыз баланы ерекше қастерлеп-қадірлеген қазақ халқы тәрбие мәселесінде қызға қырық үйден тыйым жасағаны белгілі. Шығармаларда қазақ қызының образы ұлттың салт-дәстүрімен, құндылықтарымен сабақтаса суреттеледі. Алайда отаршылдық әкелген дала өміріндегі өзгерістер алдымен қазақ әйелін бұзғаны анық аңғарылады. Материалдық жағынан азып-тозып қана қоймай, рухы әлсіреген халықтың аянышты хәлі қаламгерлердің шығармаларына арқау болады. «Күнекейдің жазығы» – сол кездегі қазақ өмірінің тұрмыстық жайларын, көшпелі елдің көшу салтын, қыз ұзату, жастардың ойын-сауығы сияқты халықтық әдет-ғұрыптарды кең суреттейтін шығарма. Сонымен қатар бұл кезеңде жазылған шығармаларда әкенің қанымен, ананың сүтімен келген қазақтың ұлы мен қызында болатын ұяңдық, сыпайылық, адамгершілік сынды асыл қасиеттер бағаланады.

Қорытындылай келгенде, XX ғасырда қазақ әдебиеті жанр жағынан дамып қана қоймай, тақырып мен идея тұрғысынан жаңа белеске көтерілді. Қазақ қаламгерлері әлем әдебиетіндегі жетістікке сүйеніп, әйелдердің қайталанбас образын жасады. Шығармаларда қазақтың ұлттық ойлау жүйесінің формасы сақталып, ұлттық құндылық пен таным-түсініктің көрініс табуы – сол заман қаламгерлерінің шеберлігі. Алғашқы классикалық туындылар қазақ әдебиетінде проза жанрындағы бағыт-бағдарды айқындап берді. Әйел бақытты болған қоғам ғана бақытты. Бұл шындықты халқымыз жақсы білген. Ол әрқашан өзінің әдемі жартысын қорғап, қоғамдағы әйелдің рөлі туралы осы негізгі түсінікті ұлттық өзін-өзі танудың берік элементіне айналдыра алды.

*Жаңа өмірдің дүниеге келуі - жер бетіндегі ең үлкен* құпиялардың бірі, сондықтан да Ана есімі әрқашан жылулықпен, жарықпен және қорқынышпен қоршалған. Ең қымбат және асыл нәрсе анаммен байланысты. Бұл туралы әр түрлі ұлттардың суретшілері өз картиналарын жасайды, бүкіл әлемнің жазушылары, ақындары мен музыканттары өз туындыларында әйел-ананы дәріптейді. «Ана» - сұлулықтың үлгісі, қоғамдағы адамгершілік бағдары.

Өкінішке орай, қазіргі әлемдік мәдениетте, әдебиетте және өнерде дәстүрлі идеяларды жоятын, ананың бейнесін бұрмалау, абыройын түсіру көбейіп кетті.

Қазақ әдебиеті әлемге көптеген әйел образдарын ұсынды - шыншыл, тірі және әрдайым көп қырлы. Қазақ әдебиеті тарихындағы «ана тақырыбы» фольклордан, әлеуметтік-тұрмыстық эпостың шығармаларынан, лироэпиялық өлеңдерден бастау алады. Қазақтың жыраулық ақындарының барлығы дерлік әйелдерді сұлулық пен кемелдік мұраты ретінде ғана емес, сонымен қатар отбасы ошағын сақтаушы, ұлттың болашақ ұрпағын тәрбиелеуші ретінде жырлаған.

№01 (087) 2023 жыл
қаңтар

# Мазмұны

**ЕСЕН.Б.**
Жаңа жыл басы болсын жақсы үміттің,
Жаршысы болсын әркез жақсылықтың!..........1
**ИСАЕВ Ж.Ж.**
**РАСУЛОВ Ж.Б.**
Қаратау тәжі-кентаудың қос педагогы - 2022 жылдың үздік педагогі..........2
**ӘЛІМОВ А.**
Сіз қандай мұғалімсіз?
Жақсы мұғалімдердің екі ерекшелігі..........5
**НУРЖАУТОВ С.Д.**
**САПАРБАЕВА З.А.**
Тілдік дағдыларды дамытудың негізгі ерекшелігі..........7
**НҰРАЛЫҚЫЗЫ Ә.**
Білімді ұлт - тұрақты даму кепілі..........8
**ЗЕЙДЕНОВА Р.О.**
Математика, физика пәндері бойынша жеткен
жетістіктеріміз – елдің мақтанышы..........10
**АДИЛБЕКОВА Г.А.**
Сөйлеу мәдениеті. Сыпайылық, әдептілік..........12
**ТАДЖИХАНОВА Х.Н.**
Ауа райы. Табиғат құбылыстары..........14
**ЕРКЕБАЕВА Ж.Ш.**
Тіл - ел тілегі..........16
**НАУРЫЗБЕКОВА А.Е.**
Виды внутренних вод Казахстана..........17
**ЕЛШІБЕКОВА Б.Ә.**
Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар..........19
**ҚҰРАЛБАЕВА А.Ә.**
Our planet's treasure 2..........21
**РУСТЕМОВА М.С.**
Places around school..........23
**АРЫНОВА К.К.**
Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы..........25
**РЫСБАЕВА Р.М.**
Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауы..........28
**ХАЙРЕЕВ Е.Т.**
Баскетбол. Ойын әдісін жақсарту..........30
**АМАНБЕКОВ С.Н.**
Әр түрлі кедергілерден жүгіру..........32
**НУРТАЗАЕВА Г.Ә.**
Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды шешім..........34
**ӨМІРБЕК Қ.**
Отырар - ұлылар мекені..........35
**ОРАЗҒАЛИ С.**
Ертегілердегі қазақ әйелінің бейнесі..........36

БІЛІМ ШЫҢЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

**Бас редактор:**
ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

**Шығармашылық директор:**
БЕКЗАТ Рүстем

**Бас редактордың орынбасары:**
Биғараев Жарқынбек

**Тілшілер:**
БАСЫҚАРА Бекарыс
КӨПЖАН Бақытжамал

**Дизайнер:**
АНАРКУЛОВ Ислам

Журнал Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және Даму Министрлігі
Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871
Редакцияға келіп түскен
автордың мақалалары редакцияның
көзқарасын білдірмейді.
Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.
Кейбір суреттер мен мәліметтер
интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК "Шың" Баспаханасы.
Журнал 2023 жылы 20 қаңтар
ЖК "Шың" баспаханасында
басылып шықты.
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі 10/1
Байланыс телефондары:
+7 (7252) 77 20 10
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,
+7 778 625 20 78
эл.пошта: bilimshini.kz@mail.ru
сайт: www.bilimshini.kz

Тапсырыс: №017
Таралымы: 4120

# ШЫҢ
## БАСПАХАНАСЫ

Кітап
Кітапшалар
Диплом
Журналдар
Афиша
Құттықтаулар
Стендтер
Визитка
Маңдайшалар
Брошюра
Буклеттер
Шақырулар
Плакат
Баннер
Портфолио
Бланк
Календарь

Сапалы әрі арзан бағада

*Мектеп бөлмелерін безендіру*

Байланыс сымтетігі: +7 (7252) 77 20 10;
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16
ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманова көшесі 10/1
E-mail: bilimshini.kz@mail.ru

# БАСПАСӨЗ-2023




Жазылу индексі: 74871

6 айға жазылу бағасы

Қазпошта арқылы
3440 теңге 00 тиын

"Ер-нұр" пресс арқылы
3666 теңге 00 тиын

Мекен-жайымыз: ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманов көшесі, 10/1
Байланыс телефондары: 8(7252) 77 20 10 Ұялы тел.: 8 701 312 99 06